

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2024 жылдың 20 желтоқсанындағы
№ 39 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2025 жылдың 05 қаңтарынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесіне тікелей рұқсаттама беру ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелерінің өз клиенттеріне Биржаның сауда-саттық жүйесіне тікелей рұқсатта (бұдан әрі – тікелей рұқсаттама) беру жөніндегі қызметтерді көрсету шарттары мен тәртібін белгілейді.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылады.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін оларда мынадай шартты белгілер пайдаланылады:
 - 1) **"DMA-клиент"**¹ – осы клиенттің тапсырмасы бойынша және/немесе есебінен және/немесе мүддесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде өз атынан мәмілелер жасасу үшін DMA жүйесін пайдалануға ниетті немесе пайдаланатын Биржа мүшесінің клиенті;
 - 2) **"тіркеген биржа" (негізгі (бастапқы) мүшелік биржасы)** – электрондық сауда-саттық жүйесінің қатысушысы мүшесі болып табылатын және қашықтан қол жеткізу туралы келісімге сәйкес Биржа таныған Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің биржасы;
 - 3) **"DMA жүйесі"** – Биржаның сауда-саттық жүйесімен өзара іс-қимыл жасайтын және DMA-клиенттердің клиенттік тапсырыстары негізінде қалыптастырылған өтінімдер негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға арналған Биржа мүшесінің бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;
 - 4) **"электрондық сауда-саттық жүйесі"** – оның қатысушыларына қашықтан қол жеткізу туралы тиісті келісім негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесіне қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ететін электрондық сауда-саттық жүйесі;
 - 5) **"қашықтан қол жеткізу туралы келісім"** – электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушыларға қашықтан қол жеткізуді ұсыну кезінде тараптардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін реттейтін, Биржа мен тіркеген биржа арасында жасалған электрондық сауда-саттық жүйесіне қашықтан қол жеткізу туралы келісім;
 - 6) **"электрондық сауда-саттық жүйесінің қатысушысы"** – Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға және қашықтан қол жеткізу туралы келісімге сәйкес оны тіркеген биржаның мүшесі болып табылатын Биржаның шетелдік мүшесі;
 - 7) **"шлюз"** – Биржаның сауда-саттық жүйесінің шлюзі; DMA жүйесінің Биржаның сауда-саттық жүйесімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге, оның ішінде DMA жүйесінен Биржаның сауда-саттық жүйесіне деректерді беруге және DMA жүйесінен Биржаның сауда-саттық жүйесіне деректерді алуға арналған бағдарламалық-техникалық құрал.
3. Тікелей рұқсаттама мыналарды көздейді:
 - 1) клиенттік тапсырыстарды DMA-клиенттер дербес (Биржа мүшелері жұмыскерлерінің тікелей қатысуынсыз) DMA жүйелерін пайдалана отырып қалыптастырады және DMA жүйелері арқылы электрондық түрде Биржа мүшелеріне береді;
 - 2) DMA жүйелері арқылы алынған клиенттік өтінімдерге Биржа мүшелері клиенттік өтінімдерді тіркеу, тексеру, верификациялау, есепке алу және орындаудың жеделдетілген (әдетте автоматтандырылған) процедураларын қолданады;
 - 3) Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға Биржаның мүшелері DMA жүйелері арқылы алған өтінімдерді DMA жүйесі автоматты түрде қалыптастырады.
4. DMA жүйелерін пайдалана отырып, DMA-клиенттер қалыптастырған клиенттік тапсырыстарға, Биржа мүшелері DMA жүйелері арқылы алған және олар тіркеген клиенттік

¹ DMA (ағылшын тілінен Direct Market Access) – нарыққа тікелей рұқсаттама.

тапсырыстар негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға арналған өтінімдерге, Биржа мүшелері DMA жүйелері арқылы алған және олар тіркеген клиенттік тапсырыстар негізінде DMA жүйелерімен қалыптастырылған өтінімдер негізінде Биржаның сауда жүйесінде жасалған мәмілелерге Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының тұтастай алғанда клиенттік тапсырыстарға, Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға арналған өтінімдерге, Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалатын (жасалған) мәмілелерге қатысты белгіленген нормаларының күші қолданылады.

Биржа мүшесі DMA-клиенттердің есебінен және тапсырмасы бойынша Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған қаржы құралдарымен мәмілелердің толық және уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Тікелей рұқсаттаманы беру жөніндегі қызметтерді көрсету үшін әртүрлі DMA жүйелері – Биржаның өзінің әзірлемелері (олар болған жағдайда), сондай-ақ – Биржаның рұқсатымен – Биржа мүшелерінің жеке әзірлемелері не бөгде әзірлемелер пайдаланылуы мүмкін.

DMA жүйелері, оларды пайдалану шарттары мен тәртібі Биржаның Басқармасының шешімімен бекітілген оның ішкі құжатында белгіленген DMA жүйелеріне және оларды пайдалануға қойылатын талаптарға (бұдан әрі – DMA жүйесіне қойылатын талаптар) сәйкес келуі тиіс.

Биржаның DMA жүйелерін және Биржа мүшелерінің өз әзірлемелерінің DMA жүйелеріндегі техникалық өзгерістерді және бөгде әзірлемелерді пайдалануға рұқсаты осы Ережелердің 2 тарауына сәйкес беріледі.

6. Биржа мүшелері өздерінің DMA-клиенттеріне осы Ережелердің 3 тарауында белгіленген шарттарды сақтай отырып, тікелей рұқсаттаманы беру жөнінде қызметтер көрсетеді.

2 тарау. DMA ЖҮЙЕЛЕРІН ЖӘНЕ DMA ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТТАР

7. Биржа өз мүшелеріне және оларды тіркеген биржаларға тегін кеңес береді, сондай-ақ оларға қолда бар шлюздер арқылы қолданыстағы және әзірленетін DMA жүйелерін Биржаның сауда-саттық жүйесіне қосу мәселелері бойынша ақпарат береді.
8. Биржаға DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш бергенге дейін Биржа мүшесі өз жұмыскерлерін (оның ішінде сауда-саттық бөлімшесінің кемінде бір басшы жұмыскері және кемінде бір жұмыскері) тікелей рұқсаттама және осы Ережелердің нормаларын және осы Ережелердің 5 тармағында көрсетілген талаптарды сақтау мәселелері бойынша Биржамен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету еңбек міндеттеріне кіретін тұлғалар ретінде анықтауға міндетті.
9. Биржаның өзін DMA – әзірлеме жүйесін пайдалануға Биржаның рұқсатын алу үшін Биржа мүшесі немесе оны тіркеген Биржа оған осы Ережелерге қосымшаның нысаны бойынша осы жүйені пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш беруге міндетті.
10. Биржаның DMA жүйесін пайдалануға рұқсатын не Биржа мүшесінің өз әзірлемесінің DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді не бөгде әзірлемені алу үшін:

- 1) Биржаның мүшесі не оны тіркеген биржа Биржаға мынадай құжаттарды:

осы Ережелерге қосымшаның нысаны бойынша осы жүйені пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш не DMA жүйесінде әзірленген техникалық өзгерістерді пайдалануға рұқсат беру туралы еркін нысандағы өтініш;

осы Ережелердің 5 тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс DMA жүйесіндегі осы жүйенің/техникалық өзгерістердің сипаттамасын беруге міндетті;

- 2) Биржа мүшесі Биржаның сауда-саттық жүйесінің тестілік контурында оның Басқармасының шешімімен бекітілген Биржа мүшелерінің DMA жүйесін сертификаттау тәртібін белгілейтін Биржаның ішкі құжатына (бұдан әрі – Сертификаттау жөніндегі

нұсқаулық) сәйкес DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді сертификаттауды жүргізуге міндетті.

11. Осы Ережелердің 10 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Биржа алған құжаттарды оларды алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Биржа қарайды.
12. Биржа DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті не DMA жүйесінде әзірленген техникалық өзгерістер туралы өтінішті қарау барысында ол осы өтінішті берген Биржа мүшесінен не оны тіркеген биржадан сұратуға құқылы, ал ол оған осы Ережелердің 5 тармағында көрсетілген талаптардың сақталуын тексеру үшін қажетті кез келген қосымша құжаттарды немесе мәліметтерді беруге міндетті.

Биржа осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес қосымша құжаттарды және/немесе мәліметтерді сұратқан жағдайда, осы Ережелердің 11 тармағында белгіленген DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістер туралы өтінішті қарау мерзімі Биржа мүшесінің немесе оны тіркеген биржаның талап етілетін құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсыну мерзіміне мөлшерлес ұзартылады.

13. DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді сертификаттау мақсаттары үшін Биржа осы Ережелердің 10 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген алынған өтініштің негізінде Биржа мүшесін сауда-саттық жүйесінің тестілік контурына қосуды жүзеге асырады, оған қысқаша код пен құпиясөз береді.
14. Қысқаша код пен құпиясөзді алу нәтижелері бойынша Биржа мүшесі DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді Биржаның сауда-саттық жүйелерінің жұмыс істеуіне жауапты Биржа бөлімшесімен келісілген мерзімде оны/оларды сауда-саттық жүйесінің қолданыстағы контурында пайдалануды жоспарлаған көлемде сертификаттауды жүргізуге міндетті.

Биржа мүшесі DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді сертификаттаған кезде тестілеу сценарийі жеңілдетілуі немесе Сертификаттау жөніндегі нұсқаулықта белгіленген сценарийден ерекшеленуі мүмкін.

15. Сауда-саттық жүйелерінің жұмыс істеуіне жауапты Биржа бөлімшесі осы Ережелердің 10 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Биржаға оның мүшесі не оны тіркеген биржа ұсынған DMA жүйесі сипаттамасының/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістердің DMA жүйесіне қойылатын талаптармен белгіленген DMA жүйесін сипаттауға қойылатын барлық талаптарға сәйкестігіне тексеруді, сондай-ақ DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді сертификаттауды жүргізу барысында сауда-саттық жүйесінің тестілік контурының жұмыс қабілеттілігін бақылауды жүзеге асырады.

Сауда-саттық жүйесінің тестілік контурының жұмысында проблемалар туындаған жағдайда сауда-саттық жүйелерінің жұмыс істеуіне жауапты Биржа бөлімшесі өзінің DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді сертификаттауды жүргізген Биржа мүшесінің қатыстылығын анықтауға тексеру жүргізеді.

DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді сертификаттауды жүргізу аяқталғаннан кейін сауда-саттық жүйелерінің жұмыс істеуіне жауапты Биржа бөлімшесі сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бөлімшені DMA жүйесінің сипаттамасын тексеру нәтижелері туралы және Биржа мүшесінің DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді пайдалану мүмкіндігін не мүмкін еместігін анықтау мақсатында сертификаттауды жүргізу нәтижелері туралы хабардар етеді.

16. Сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бөлімше осы Ережелердің 15 тармағының үшінші абзацында көрсетілген тексерулердің алынған нәтижелері негізінде осы нәтижелерді алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Биржа мүшесіне не оны тіркеген биржаға DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді пайдалануға рұқсат береді не беруден бас тартады.

17. Биржа Биржа мүшесіне DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді пайдалануға рұқсат беруден мынадай негіздердің кез келгені бойынша бас тарту туралы шешім қабылдауға құқылы:

- 1) Биржа мүшесінің не оны тіркеген биржаның осы жүйені пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішінің осы Ережелерге қосымшада белгіленген нысанға сәйкес келмеуі;

- 2) Биржаға оның мүшесінің не оны тіркеген биржаның осы Ережелердің 12 тармағының бірінші абзацына сәйкес Биржа сұратқан қосымша құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбауы;
 - 3) DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді сертификаттауды жүргізу барысында Биржа сауда-саттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіретін қатерлерді анықтаған;
 - 4) осы Ережелердің 10 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Биржаға оның мүшесі не оны тіркеген биржа ұсынған осы жүйе/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістер сипаттамасының DMA жүйесіне қойылатын талаптарда белгіленген DMA жүйесін сипаттау талаптарының кез келгеніне сәйкес келмеуі;
 - 5) Биржа мүшесінің DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді пайдалану оның клиенттерінің немесе Биржаның мүлкіне зиян келтіруі не өзгеше түрде оның клиенттерінің немесе Биржаның мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін деп пайымдауға негіз болатын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және/немесе Биржаның ішкі құжаттарын Биржа мүшесінің сақтамауы.
18. Биржа шешім қабылданған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өз мүшесін не оны тіркеген биржаны оған DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді пайдалануға рұқсат беру туралы немесе DMA жүйесін/DMA жүйесіндегі техникалық өзгерістерді пайдалануға рұқсат беруден бас тарту туралы жазбаша хабардар етеді.
 19. DMA жүйесін пайдалануға рұқсат алған жағдайда Биржа мүшесі не оны тіркеген Биржа Биржаның сауда-саттық жүйелеріне рұқсаттама берудің шарттары мен тәртібін белгілейтін Биржаның ішкі құжатына сәйкес шлюз арқылы Биржаның сауда-саттық жүйесінің қолданыстағы контурына рұқсаттама беру туралы өтінішті Биржаға жіберуге құқылы.

DMA жүйесінде техникалық өзгерістерді пайдаланудан бас тартылған жағдайда Биржа мүшесі осы бас тартуды сақтауға және DMA жүйесінде әзірленген техникалық өзгерістерді қолданбауға тиіс, бұл ретте Биржа мүшесі осы өзгерістерді пысықтауға және осы тарауда белгіленген тәртіппен оларды қайта сертификаттауды жүргізуге құқылы.
 20. Биржа Биржаның мүшелері қолданатын шлюздердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
 21. DMA жүйесін пайдаланатын Биржа мүшесі осы жүйені оның техникалық құжаттамасына сәйкес пайдалануға міндетті. Осы жүйені пайдалану кезінде Биржа мүшесіне оның мақсатына сәйкес сауда-саттық жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін бұзатын немесе бұзуға қабілетті, оның ішінде Биржаның басқа мүшелеріне қызмет көрсету үшін кедергі келтіретін және/немесе Биржаның сауда-саттық өткізу процесін бұзатын іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға тыйым салынады.
 22. Әрбір жеке DMA жүйесі үшін Биржа мүшесі осы тарауға сәйкес оны пайдалануға Биржадан рұқсат алуға міндетті.

3 тарау. ТІКЕЛЕЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҰСЫНУ ЖӨНІНДЕ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

23. Биржа мүшесі өзінің DMA-клиенттеріне осы Ережелердің 2 тарауына сәйкес DMA жүйесін пайдалануға Биржаның рұқсатын алғаннан кейін ғана тікелей рұқсаттама беру жөнінде қызметтер көрсетуге құқылы.
24. Биржа мүшесі өзінің DMA-клиенттеріне өзі Биржадағы мүшелігінің санаттарына сәйкес сауда-саттыққа қатысуға құқығы бар биржалық нарықтарға ғана қатысты тікелей рұқсаттама беру жөнінде қызметтер көрсетуге құқылы.

Биржа мүшесіне DMA-клиенттер болып табылмайтын үшінші тұлғаларға тікелей рұқсаттаманы беруге немесе ұсынуға тыйым салынады.

25. Биржа мүшесі өзінің DMA-клиентіне олардың арасында жасалған брокерлік қызметтер көрсету туралы келісім-шарт негізінде тікелей рұқсаттама береді, ол осы Ережелердің 5 тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
26. Сауда-саттық жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Биржа Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға арналған, оның ішінде белгілі бір шлюз арқылы белгілі бір уақыт аралығында Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілетін DMA-клиенттердің клиенттік тапсырыстары негізінде DMA жүйелерімен қалыптастырылған өтінімдер санын шектеуге құқылы.
- Көрсетілген шектеулерді осы Ережелердің 27 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Биржаның барлық мүшелеріне қатысты сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі белгілеуі мүмкін.
- Биржа көрсетілген шектеулерді белгілеу туралы өз мүшелерін дереу хабардар етеді.
27. Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі осы Ережелердің 26 тармағында көрсетілген шектеулерді мынадай жағдайларда:
- 1) Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілетін Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға арналған өтінімдердің жиынтық санының Биржаның сауда-саттық жүйесіне Биржаның сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық-техникалық сипаттамаларына сәйкес (осы Ережелердің 28 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) берілуі мүмкін өтінімдер санының барынша рұқсат етілген мәнінің жартысынан асып кетуі;
 - 2) жұмыс нәтижелері оның клиенттерінің немесе Биржаның мүлкіне зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін не өзгеше түрде оның клиенттерінің немесе Биржаның мүдделеріне нұқсан келтірген немесе нұқсан келтіруі мүмкін не Биржа мүшелері басшылыққа алуға тиіс кәсіби этика мен іскерлік мінез-құлық ережелерін анықтайтын Биржаның ішкі құжатының нормаларын бұзуға әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін алгоритмдік немесе жоғары жиілікті сауда бағдарламаларын Биржа мүшесінің пайдалануы жағдайында белгілеуге құқылы.
28. Биржаның сауда-саттық жүйесіне Биржаның сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық-техникалық сипаттамаларына сәйкес берілуі мүмкін өтінімдер санының максималды рұқсат етілген мәні оның сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық және/немесе техникалық қамтамасыз етілуінің өзгеруіне қарай Биржа өткізетін жүктемелік тестілеу нәтижелері бойынша анықталады және Биржаның сауда-саттық жүйесін пайдаланушының Биржаның интернет-сайтында еркін қол жетімділікте жарияланатын нұсқаулығында көрсетіледі.

4 тарау. БИРЖАНЫҢ ТІКЕЛЕЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗУІН БАҚЫЛАУ. БИРЖАНЫҢ ТІКЕЛЕЙ РҰҚСАТТАМА ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ

29. Биржа өз мүшелерінің тікелей қол жеткізуіне бақылауды жүзеге асырады және осы мақсаттарда:
- 1) тікелей қол жеткізуді ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсететін Биржа мүшелерінен немесе оларды тіркеген биржалардан Биржа мүшелерінің тікелей рұқсаттама беру шарттары мен тәртібі туралы, олар пайдаланатын DMA жүйелерінің бағдарламалық, техникалық және өзге де сипаттамалары туралы кез келген құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
 - 2) тікелей рұқсаттаманы беру жөніндегі қызметтерді көрсететін Биржа мүшелерінен немесе оларды тіркеген биржалардан осы қызметтердің сапасын бағалау үшін және Биржа мүшелері мен олардың DMA-клиенттерінің DMA жүйелерін пайдалана отырып жасаған іс-қимылдарын бағалау үшін қажетті кез келген құжаттарды және олардың DMA-клиенттері туралы мәліметтерді осындай іс-қимылдардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының нормаларына сәйкестігі тұрғысынан сұратуға;

- 3) кез келген уақытта Биржаның мүшелері пайдаланатын DMA жүйелерін, сондай-ақ ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын, тікелей рұқсаттама беру кезінде Биржаның мүшелері пайдаланатын ақпаратты беру құралдарын арнайы тексеруді және/немесе тестілеуді жүзеге асыруға құқылы.
30. Тікелей рұқсаттаманы беру жөніндегі қызметтерді көрсететін Биржа мүшелері немесе оларды тіркеген биржалар оған осы Ережелердің 29 тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Биржа сұратқан кез келген құжаттар мен мәліметтерді беруге, сондай-ақ осы Ережелердің 29 тармағының 3) тармақшасына сәйкес арнайы тексерулерді және/немесе тестілеуді жүзеге асыру бойынша Биржаға барлық қажетті жәрдем көрсетуге міндетті.
- Биржа өзінің мүшесін немесе оны тіркеген биржаны осы Ережелердің 29 тармағының 3) тармақшасына сәйкес арнайы тексеруді және/немесе тестілеуді жүзеге асыру ниеті туралы осындай тексеруді (осындай тестілеуді) жүзеге асыру басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.
31. Егер осы Ережелердің 29 және 30 тармақтарына сәйкес Биржа алған құжаттар мен мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша арнайы тексерулер және/немесе тестілеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын бұзу фактілері, Биржа мүшесінің және/немесе оның DMA-клиенттерінің тәуекелдерді басқару жүйелерінің кемшіліктері анықталған жағдайда, Биржа:
- 1) Биржаның осы мүшесінің қандай да бір DMA-клиентінің тікелей рұқсаттамасын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға (Биржаның осындай тоқтата тұруды немесе тоқтатуды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті техникалық шараларды қабылдауымен);
 - 2) Биржаның осы мүшесінің қандай да бір шлюзді пайдалануын тоқтата тұруға немесе тыйым салуға (Биржаның осындай тоқтата тұруды немесе тыйым салуды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті техникалық шараларды қабылдауымен);
 - 3) Биржаның осы мүшесіне қандай да бір DMA жүйесін пайдалануға берілген рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұруға немесе осы рұқсатты кері қайтарып алуға (Биржаның осындай тоқтата тұруды немесе кері қайтарып алуды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті техникалық шараларды қабылдауымен);
 - 4) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.
32. Осы Ережелердің 31 тармағының бірінші абзацында көзделген негіздерден басқа, Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Биржаның осы мүшесінің барлық немесе жекелеген DMA-клиенттерге қатысты тікелей рұқсаттаманы беру жөніндегі қызметтерді одан әрі көрсетуін мүмкін етпейтін Биржаның ішкі құжаттары өзгерген жағдайда, осы Ережелердің 31 тармағының 1)–3) тармақшаларында көрсетілген шаралар қабылдауға құқылы.
33. Осы Ережелердің 31 немесе 32 тармақтарында көзделген шараларды қолдану туралы шешімді сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі қабылдайды, және осы шешімді қабылдау себептері көрсетілуге тиіс, сондай-ақ – егер осы шешім DMA-клиенттің тікелей рұқсаттамасын тоқтата тұруды көздесе, шлюзді пайдалануды тоқтата тұру немесе DMA жүйесін пайдалануға рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру – мұндай рұқсаттама сақталған кезде (мұндай пайдалану, мұндай әрекет) жаңартылуы мүмкін.
- Биржа өз мүшесін және оны тіркеген биржаны сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі осы шараны қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осындай хабарламаны жібере отырып, осы Ережелердің 31 немесе 32 тармақтарында көзделген шараны қолдану туралы жазбаша хабардар етеді.
34. Егер Биржа мүшесі Биржа Басқармасының сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бөлімшесіне жетекшілік ететін мүшесінің DMA-клиенттің тікелей рұқсаттамасын тоқтата тұру, шлюзді пайдалануды тоқтата тұру немесе DMA жүйесін пайдалануға рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау себебін жоймаса, Биржа дербес (Басқарманың осы мүшесінің шешімі негізінде) осы DMA-клиенттің тікелей рұқсаттамасын

тоқтатуға, осы Биржа мүшесінің осы шлюзді пайдалануына тыйым салуға, осы DMA жүйесін пайдалануға Биржа мүшесіне берілген рұқсатты кері қайтарып алуға құқылы.

35. Осы Ережелердің 33 немесе 34 тармағында көрсетілген сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің шешіміне Биржа мүшесі осы шешім қабылданған күннен бастап 60 жұмыс күні ішінде Биржа Басқармасының алдында шағымдана алады. Бұл ретте осы шешімге шағымдану оның қолданылуын тоқтата тұрмайды.
36. Биржа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау мен бақылау жөніндегі мемлекеттік органға оның сұратуы бойынша немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тікелей рұқсаттама беру жөніндегі қызметтерді көрсететін Биржаның барлық немесе жекелеген мүшелерінің қызметі туралы, сондай-ақ олар пайдаланатын DMA жүйелері туралы мәліметтер беруге құқылы.

5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

37. Биржаға оның мүшелері ұсынуға тиіс және/немесе осы Ережелерге сәйкес биржаны тіркеген құжаттарды олар Биржаға қағаз және электрондық тасымалдағыштарда ұсынады.
38. Биржа мүшесі осы Ережелердің талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді орындамағаны, толық немесе уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады.
39. Биржа өзінің сауда-саттық жүйесімен қашықтан қол жеткізу тәртіптемесінде жұмыс істеу туралы ішкі құжаттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен тікелей қол жеткізу қызметтерін көрсететін Биржа мүшелеріне және DMA-клиенттерге келтірілген залалдар үшін жауапты болмайды.
40. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына, сондай-ақ Биржаның органдары мен лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдеріне сәйкес шешіледі.
41. Осы Ережелерге өзгерістерді және/немесе толықтыруларды уақтылы енгізу (өзектендіру) үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.
42. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай өзектендірілуі тиіс. Осы Ережелер осы Ережелердің қолданысқа енгізілген күнінен бастап есептелетін 36 айда кемінде бір рет өзектендіру қажеттілігіне, ал олар өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгерістер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап қайта қаралуға жатады.

Басқарма төрайымы

А.Ө. Алдамберген

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның сауда-саттық жүйесіне
тікелей рұқсаттама беру ережелері**

Биржаның сауда-саттық
жүйесіне тікелей рұқсаттама
беру ережелеріне

қосымша

[фирмалық бланкіде]

DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы

Ө Т І Н І Ш

Осымен [Биржа мүшесінің толық атауы] өз клиенттеріне "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) қызмет көрсететін сауда-саттық жүйесіне тікелей рұқсаттама беру жөнінде қызметтер көрсетуге ниетті екенін мәлімдейміз және осы мақсатта [биржалық нарықты көрсету] (осы белгі ретінде Биржаның "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесіне тікелей рұқсаттама беру ережелері" атты ішкі құжатында анықталған) келесі DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беруді сұраймыз.

DMA жүйесінің атауы				
DMA жүйесін өзірлеушінің/құқық иеленушінің атауы				
DMA жүйесін Биржаның сауда- саттық жүйесіне қосуға арналған шлюз (белгілеу)	FIX хаттамасы	ASTS Bridge	Plaza2 CGate	TWIME
ASTS+ (қор нарығы)	☐	☐		
ASTS+ (валюта нарығы)	☐	☐		
SPECTRA	☐		☐	☐

Биржаның ішкі құжаттарымен: "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесіне тікелей рұқсаттама беру ережелерімен" және "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің DMA жүйелеріне және оларды пайдалануға қойылатын талаптармен" танысқанымызды растаймыз, олармен келісеміз және аталған ішкі құжаттармен (оларға келесі ықтимал өзгерістерді/немесе толықтыруларды қоса алғанда) белгіленген нормаларды сақтауға міндеттенеміз. Бұдан басқа, әрбір DMA-клиентті аталған ішкі құжаттармен (оларға ықтимал кейінгі өзгерістерді және/немесе толықтыруларды қоса алғанда) таныстыруға міндеттенеміз.

[Биржа мүшесінің толық атауы] келесі жұмыскерлерін біз Биржаның сауда-саттық жүйесіне тікелей рұқсаттама беру және Биржаның аталған ішкі құжаттарының нормаларын сақтау мәселелері бойынша Биржамен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету еңбек міндеттеріне кіретін тұлғалар ретінде анықтағанымызды хабарлаймыз.

	1-жұмыскер	2-жұмыскер	3-жұмыскер
Лауазымы			
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)			
Электрондық пошта мекенжайы			

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның сауда-саттық жүйесіне
тікелей рұқсаттама беру ережелері**

	1-жұмыскер	2-жұмыскер	3-жұмыскер
Жұмыс телефонының нөмірі			
Ұялы телефон нөмірі			

Осы өтінішке мыналар қоса беріледі:

- 1) *(құжаттың атауы, оның түрі (түпнұсқасы, көшірмесі) және парақтар саны көрсетілсін);*
- 2) *(құжаттың атауы, оның түрі (түпнұсқасы, көшірмесі) және парақтар саны көрсетілсін).*

[лауазым]

[қолтаңба]

[тегі, аты-жөні]²

² Биржада бар Биржа мүшесінің басшы жұмыскерлерінің қолдарының үлгілері бар карточкасына (олардың түпнұсқалығы нотариалды куәландырылған) және оның мөрінің бедеріне сәйкес.